

ТАҒЫЛЫМ

Дарынды ғалым – ұлағатты ұстаз

Мерейтой – әр адамның өмірінде болатын тамаша оқиға, өткендегі есеп беретін, жана идеялар мен жүйелі ойлардың туындауына себеп болатын ерекше кезең.

Міне, Салтанат Қуатқызы да осы жылдар аралығында соңына қарайлап, есіне түсіріп, мақтан тұтадындай біраз өмірлік тәжірибе жинақтаған. Оның өмірлік тәжірибесінде маңызды жетістіктері мен кіршіксіз адал еңбегі, алдына қойған міндеттерді шешудегі жоғары кәсіби белдеуі, сарқылмас күш-қуаты, жоғары азаматтық жауапкершілігі, болашақ мұғалімдердің білімі мен тәрбиесі жүйесінің дамуына қосқан елеулі үлесі көрініс алады.

Салтанат Қуатқызы 1989 жылы Жезқазған педагогикалық училищесін үздік тәмамдап, Қарағанды педагогикалық институтының педагогика факультетіне «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша оқуға қабылданады. Жетекші ғалымдардан дәріс алады. Өзінің оқуға, білімге деген ынта-ықыласымен, алғырлығымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түседі. Факультеттегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, әртүрлі конкурстарға қатысады. Әрбір тапсырманы жауапкершіліктен атқарып, оқу озығы атанады.

«Білім – адамның болашағы» екенін жақсы түсінген Салтанат Қуатқызы өзінің барлық ынта-зейінін білімге аударады, көп ізденіп, көп оқиды. Құрстық және дипломдық жұмыстар, рефераттар жазып, баяндамалар жасау арқылы ғылымның қыр-сырын меңгереді.

«Ғылыми жұмыс өмірдің мән-мағынасына айналғанда ғана жемісті болмақ» деген оймен Салтанат Қуатқызы өзінің институт қабырғасында алған білімін 1994 жылы аспирантурада жалғастырады. Аспирантураны мерзімінде аяқтап Салтанат Қуатқызы оқытушылық қызметіне қайта оралып, кафедрада педагогикалық және жеке әдістемелік пәндер бойынша: педагогика, педагогикалық менеджмент, ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі, тәрбие жұмысының әдістемесі, педагогикалық шеберлік, бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту теориясы мен технологиясы бойынша дәріс және практикалық сабақтар жүргізеді.

1999 жылы Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің диссертациялық кеңесінде Салтанат Қуатқызы педагогика ғылымдарының докторы, профессор РФ ХПБ-БҒА-ның академигі, Сақпымал Асқарқызы Ұзақбаеваның жетекшілігінде «Болашақ мұғалімдерді қазақ халқының ауызекі шығармашылығы арқылы бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуге даярлығын қалыптастыру» тақырыбына кандидаттық диссертация қорғайды. 2000-2022 жылдар аралығында кафедраның меңгерушісі болып қызмет атқарады.

2010 жылы педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.Наурызбайдың ғылыми жетекшілігінде «Оқушылардың этномәдени білімінің қалыптасуы мен дамуы» тақырыбына докторлық диссертация қорғайды. 2017 жылы ҚР ЖАК шешімімен «педагогика профессоры» ғылыми атағы беріледі.

Салтанат Қуатқызының кандидаттық диссертациясы мен докторлық диссертация және соның негізінде жазған монографиялары бүгінгі жас ғалымдардың зерттеулеріне бағыт-бағдар беріп, мектеп мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде септігін тигізіп отыр.

Салтанат Қуатқызының өмір өткелдеріне тереңрек бойласақ, ғылым мен білімді, қоғамдық жұмыс пен қызметті қатар алып жүргенін аңғарамыз. Егер, олардың кейбіріне тоқталатын болсақ, дарынды ұстаз:

ҚР ҒБМ бұйрығына сәйкес бастауыш мектепте қазақ тілін оқыту әдістемесі, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі бойынша тест тапсырмаларын әзірлеуші және сарапшы; Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің (АРТА) сарапшысы;

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР ҒБМ РООЖ «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы оқу-әдістемелік бірлестігінің мүшесі; ЖАК ұсынған ғылыми журналдардың («ЖарМУ хабаршысы» Педагогика сериясы, «ҚР ҰҒА хабаршысы»; «Алтынсарин академиясының хабаршысы») редакциялық алқа мүшесі;

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша Л.Гумилев атындағы ЕҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің PhD диссертациялық кеңес мүшесі;

ҚР ҒБМ Ұлттық Ғылыми Кеңесінің мүшесі, ҚР ҒБМ Ұлттық Ғылыми Кеңесінің төрағасы; «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары бойынша Е.А.Бөкетов атындағы



Қарағанды университетінің диссертациялық кеңес төрағасы қызметін атқарады, оны да үлкен жауапкершіліктен атқарып, көптеген PhD докторанттардың сапалы деңгейде қорған шығуына бағыт-бағдар береді.

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» деген халық даланың негізге ала отырып, өзі де жас ғалымдарды докторлық диссертация қорғауға даярлайды. Нәтижесінде осы жылдар аралығында Салтанат Қуатқызының жетекшілігінде 10-ға жуық педагогика ғылымдарының кандидаттары мен PhD докторлары (Г.К.Бельгибаева, Қ.Б.Аданов, Г.С.Алибергенова, Ж.Б.Обішев, С.А.Кенесбекова және т.б.) мен 30-дан астам магистранттар диссертацияларын қорғайды. Бүгінгі таңда беделі биік ұстаздың диссертация қорғаған шәкірттері еліміздің танымал оқу орындарында дәріс беріп жүр.

Салтанат Қуатқызының жылдар бойы жинаған мол тәжірибесі мен өз ісіне деген жауапкершілігі, кәсіби шеберлігі ғылым жаңадан келген жас ғалымдарға өмірде, ғылымда өзінің орнын таба білуге және Қазақстанның педагогика ғылымын дамытуға өз үлесін қосуына жаңадан келе жазу үлгерген, әлде демалысыз күні-түні кітап жазып айналыса ма? деген сұрақ туындамай қоймайды. Бұл орында да.

Әйтсе де, сырт көзге бәрі оңай көрінгенмен, мұндай жетістікке кез келген ғалым оңайлықпен жете қоймайды. Бұл — тынымсыз еңбек пен ұйқысыз түндердің, қабілет пен біліктіліктің, ағылшылық пен төзімділіктің, үздіксіз ізденістің нәтижесі.

мен, олардың ғылыми көзқарасы мен идеясын қоспап, жүзеге асыруына мүмкіндік берген.

Ғалым-ұстаз ғылыми зерттеу жұмыстарына студенттерді де көптеп баулуға. Оның студенттерінің жұмыс нәтижелері әртүрлі дәрежелі ғылыми жинақтарда және халықаралық конференциялар материалдарында жарияланым көрсетіп, ғылыми жұмыстарға арналған республикалық конкурстар мен республикалық пәндік олимпиадаларға қатысқан студенттері мен магистранттары жүлделі орындарды иеленуде.

Осы айтылғанның бәрі Салтанат Қуатқызының білімдерінің, парасаттылығын, кісілік келбетін, тектілік кемелдігін айғақтайды. Салтанат Қуатқызының тектілігі отбасынан алған тәрбиесінен, адамдармен қарым-қатынас мәдениетінен, парасатты ойы мен істеген ісінің ірілігінен, өзінің білімін шәкірттерінің жүрегіне жеткізе білуінен және т.б. байқалады.

Салтанат Қуатқызы шәкірттеріне қоятын биік талапты өзіне де қоядан жалықпайды: жылма-жыл алыс және жақын шет мемлекеттердің жетекші университеттерінде тағлымдамада болып білімін көтереді; Халықаралық республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, бүгінгі білім жүйесіндегі өзекті мәселелерге баяндамалар жасайды; Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы жоғары мектеп оқытушыларына арналған қарқынды ағылшын тілі курсына бітіреді.

Салтанат Қуатқызының ғылыми ізденістерінің нәтижесі оның басылым көрсеткен 450-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік сипаттағы еңбектерінде көрініс табады. Соның ішінде, 8 монография, 2 оқулық, 18 оқу құралы, 2 терминологиялық сөздік, 35-тен астам электронды оқулық. Бірқатар мақалаларының факторы бар жоғары рейтингті журналдарда басылым көреді. 5 - Хирисасы (Scopus) 1 - Web of Science индексі тағы бар.

Салтанат Қуатқызы еңбектерінің санына және бүгінгі толып отырған жасына қарап, еріксіз қайран қаласыз. Тіпті, «бұрын бәрін қай уақытта жазып үлгерген, әлде демалысыз күні-түні кітап жазып айналыса ма?» деген сұрақ туындамай қоймайды. Бұл орында да.

Әйтсе де, сырт көзге бәрі оңай көрінгенмен, мұндай жетістікке кез келген ғалым оңайлықпен жете қоймайды. Бұл — тынымсыз еңбек пен ұйқысыз түндердің, қабілет пен біліктіліктің, ағылшылық пен төзімділіктің, үздіксіз ізденістің нәтижесі.

Міне, осындай ғылым шыңына жетер жолдағы кезеңдерден өткен Салтанат Қуатқызының қол жеткен жетістіктері бүгінгі жас мамандар үшін еліктеуге тұрарлық оңегі десе болады.

Салтанат Қуатқызының ғылыми-педагогикалық қызметі, ғылымды дамытудағы және ғылыми кадрлар даярлаудағы еңбегі ҚР Білім және Ғылым Министрілігі тарапынан жоғары бағаланады: ҚРБЖҒМ «ЖОО үздік оқытушысы – 2008, 2014» мемлекеттік грантының иегері, Т.К.Қамзабаев атындағы Премия лауреаты, ҚР ғылым мен техниканың дамуына қосқан еңбегі үшін Мемлекеттік ғылыми стипендия иегері, 2020 ж. – ҚР педагогикалық ғылымдар академиясының толық мүшесі (академия) академиялық атағы берілді. ҚР Білім және Ғылым Министрінің Құрмет грамотасы - 2018 ж., ҚР Білім және Ғылым Министрінің Құрмет грамотасы - 2019 ж., «Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы.Алтынарин» белгісі - 2020 ж., «Қазақстан Тәуелсіздігіне – 30 жыл» мерекелік медалімен (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 2 желтоқсандағы Жарлығы) марапатталған.

Қорыта айтқанда, Салтанат Қуатқызы педагогика ғылымы мен білімінде «өзіндік қолтаңбасы қалыптасқан дарынды ғалым, ұлағатты ұстаз».

Мен шәкіртімің осындай беделі биік жетістікке жеткенін, каламы ұшталып, ойы толысып, кәсіби білімі шыңдалып, өзінің ғылыми мектебінің іргетасын қалай бастағанын мақтан тұтамын!

Бергенінен берері, алғанынан алар асулары көп шәкіртімің айтылмай қалған қырлары баршылық. Мен, тек оның кісілік келбеті мен тұлғалық қасиеттерінің және қол жеткен жетістіктерінің кейбір тәуірлеріне ғана тоқталып өттім.

Бүгінгі мерейтойда, шәкіртім Салтанат Қуатқызына – зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық шабыт, ойда жүрген тың идеяларының жүзеге асырылуына сәттілік тілеймін!

Сақпымал Асқарқызы ҰЗАҚБАЕВА, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, РФ ХПББҒА-ның академигі, Абай атындағы ҚХАҚ және ОТУ-нің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі №196

Хабарландыру

«Алтай полиметаллы» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2025 жылғы 5 маусымда сағ. 10:00-де, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а.о., Теректі а. Абай к-сі ғимарат 12 мекенжайлары бойынша «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі «Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Шарықты а. о., Теректі а. мекенжайы бойынша орналасқан «Алтай полиметаллы» ЖШС вахталық кентіне арналған буландырығыш-өрістерге су бұраптын биологиялық тазарту кешінін салу» жұмыс жобасына, ШРЕТЖ, ҚББ, ТКШЖ, ӨЭБ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/activities/5159?lang=ru» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expertiza.upr\_krg@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешік-тірлімейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық

тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме https://us05web.zoom.us/j/85154729358?pwd=NECNMOx8OJ6sEkEgOha4Cv7J9jphT.1 немесе конференция идентификаторы: 851 5472 9358 Кіру коды: 2ZLEhK.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады esorgo-1@mail.ru және +7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Жобаның бастамашысы: «Алтай полиметаллы» ЖШС, БСН: 050740000965, ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫ, ШАРЫҚТЫ А.О., ТЕРЕКТІ А ҚАЗЫБЕК БИ К. 13, 2 ҰЙ. тел: 8 (702) 5574058.

Жобаны әзірлеуші: «Есо Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтобе к., көш. Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Әсер ету аймағы: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ҚАРҚАРАЛЫ АУДАНЫ, ШАРЫҚТЫ А.О., ТЕРЕКТІ А., Қазыбек Би кешесі, 13-үй, 2-пәт. Учаскенің географиялық координаты: биологиялық тазарту станциясы учаскесі 50°01'61.29" с. е. 76°15'84,01" ш. б.

Әсер тигізетін территорияның географиялық координаты: Теректі а. (Шарықты а.о.) 50°01'06,84" с. е. 76°16'91,95" ш. б.

Объявление

Тера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний https://us05web.zoom.us/j/85154729358?pwd=NECNMOx8OJ6sEkEgOha4Cv7J9jphT.1 Идентификатор конференции: 851 5472 9358 Код доступа: 2ZLEhK.

Дополнительную информацию можно получить по адресу esorgo-1@mail.ru и по телефону +7 (702) 557 40 58.

Оператор начеваемой деятельности: ТОО «Алтай полиметаллы», БИН: 050740000965, ҚАРАҒАНДИНСКАЯ ОБЛАСТЬ, ҚАРҚАРАЛИНСКИЙ РАЙОН, ШАРЫҚТЫ А.О., ТЕРЕКТІ А., улица Казыбека Би, 13, дом 2. тел: 8 (702) 5574058.

Разработчик проекта: ТОО «Есо Project Company», БИН:200540023731, г. Ақтобе, ул. Тургенева 3В, тел: +7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: Карагандинская область, Каркаралинский район, Шарыктинский с.о., с. Теректы.

Географические координаты участка: участок станции биологической очистки 50°01'61,29" с. ш. 76°15'84,01" в. д.

Географические координаты территории воздействия: с. Теректы (Шарыктинский с.о.) 50°01'06,84" с.ш. 76°16'91,95" в. д.

Атаммен мақтанам!

Адамзат тарихындағы II дүниежүзілік сұрапыл соғыстың аяқталғанына биыл 80 жыл толып отыр. Бүгінгі бейбіт аспан астында бақытты ғұмыр кешіп жатқанымыз кешегі қиын-қыстау кезеңдерде ерлік пен елдіктің үлгісін көрсете білген алдыңғы аға буынның еңбегі деп білеміз. 1941 жылғы 5 тамызда майдан даласына аттанған сарбаздардың қатарында менің атам Құлсары Ахметжанұлы да болды. 1942 жылдың 8 наурызында ауыр жарақат алып, Мәскеу қаласындағы госпитальда емделіп, оқ пен оттың ортасына қайта оралады. Красноярск қаласындағы кезекті бір үлкен шайқаста ауыр жараланып, екі көзінен бірдей айырылады.

Осылайша 1919 жылы Шет елдерінде дүниеге келген арда азамат

1945 жылы 26 жасында бірінші топ мүдделі болып туған жеріне жеңіспен оралды. Жалындаған жастық шағында қар жастанып, мұз құрсаған атам денсаулығының болмауына қарамастан соғыстан кейінгі ауыртыпалықты еңсеруге білек сыбана атсалысады.

Нақтырақ айтқанда, майданнан келе сала Шет елдерінде киножүздік есінің бастығы болып жұмыс бастап, 1946 жылдың қыркүйек 1976 жылдың 10 маусымына яғни, өмірінің соңына дейін сол кездегі «заготскот» аудандық мекемесінің есепші-кассирі болып жұмыс істеді. Соғыс кезіндегі ерліктері мемлекет тарапынан ескеріліп «Қызыл жұлдыз» орденімен, «Москва үшін» сынды көптеген тағы да басқа мерейтойлық орден-медалдармен марапатталады. Атам алдындағы перзенттік міндетін адал өткіріп,

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС «Қарқаралы ауданындағы Барит қалдық қоймасының бұзылған жер учаскесін рекультивациялау» жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімін қарау бойынша ашық жи-

налыс түрінде қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарлайды. Әсер ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кенті, географиялық координаттары СШ 49°21'33.54", ВД 75°44'14.83.

Учаскенің географиялық координаттары:

Table with 3 columns: Бұрыштық нүктелер, Географиялық координаттар (Солтүстік ендік, Шығыс бойлық), Gr., Мин., Сек. rows 1-4

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 11 маусымында сағат 12:00-де, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Қарағайлы кенті, «Қарағайлы кенті әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді.

Тіркеу қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 15 минут бұрын жеке куәлік ұсынылған кезде жүргізіледі. Қоғамдық тыңдауларды өткізу мерзімі қатарынан бес жұмыс күнінен аспайды.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: Аманкелдіна А.С. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС бас маманы, тел. 8 (7212) 957401, э.мекенжайы: Aitolkyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Бейнеконференция онлайн қосылғуға сілтеме: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=mde7530ec1da8f9859616cb9a35185a8

Жиналыс нөмірі (кіру коды): 2514 128 0606

Жиналыс құпия сөзі: 123456dD Әзірлеуші: «Биосфера Қазақстан» ҒЗО ЖШС, БСН 071040007864. Өкілі: Жирков В.В., Ахтан Н.А., байланыс телефоны:

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахстан», сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по рассмотрению Раздела охраны окружающей среды к Проекту «Рекультивация участка нарушенных земель Баритово хвостохранилища в Каркаралинском районе».

Географические координаты участка:

Table with 3 columns: Угловые точки, Координаты угловых точек (Северная широта, Восточная долгота), Gr., Мин., Сек. rows 1-4

Общественные слушания состоятся 11 июня 2025 года в 12:00 ч., по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, поселок Карагайлы, здание ГУ «Аппарат акима поселка Карагайлы».

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности. Срок проведения общественных слушаний не превышает пять последовательных рабочих дней.

Инициатор начеваемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахстан», БИН 050140000656. Представитель: Аманкелдіна А.С., главный специалист ТОО «Корпорация Казахстан», контакты: тел. 8 (7212) 957401, э.адрес: Aitolkyn.Amankeldina@kazakhmys.kz.

Ссылка на онлайн подключение: https://kazakhmys.webex.com/kazakhmys-ru/j.php?MTID=mde7530ec1da8f9859616cb9a35185a8

Номер совещания (код доступа): 2514 128 0606

Пароль совещания: 123456dD Разработчик: ТОО «НИЦ «Биосфера Казахстан», БИН 071040007864. Представитель:



жауынгерлік рухын бір сәтке де түсірмеген атам небәрі 57 жасында бақилық болады.

Алайда, осынау қамшының сабындай қысқа ғұмырында әжеміз Секербанұмен тоғыз бала дүниеге әкеліп, бағып-қағып өсіреді. Қазіргі таңда олардан 28 немере және көптеген шөбере тарап, бір қауым елге, үлкен әулетке айналған. Атамың бейнесін сақталған суреттерден, адам асыл болмысын ескірмес естеліктер арқылы мәңгі жүрегіміз сақтап, есімің әркез мақтан тұтамын. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Әлібек ҚУЛСАРОВ №203